

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институтын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 14 наурыз 1994 ж. N 1591. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Құқық реформасын жүзеге асыру және республиканың заң кадрлары жөніндегі қажетін қанағаттандыру, заң білімін дамыту мен оның сапасын арттыру мақсатында қаулы етемін:

1. Алматы мемлекеттік университетінің заң факультеті мен Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің заң факультетінің бір бөлігі негізінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институты құрылсын.

2. Қазақ мемлекеттік заң институты мемлекеттік өкімет пен басқару органдарына, сот және құқық қорғау органдарына, шаруашылық жүргізуші объектілерге заңгерлер даярлауға арналып мамандандырылады деп анықталсын. Осыған байланысты Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті заң факультетін ғылыми және оқу мекемелеріне мамандар даярлауға арнап қайта бағыттап, үстіміздегі жылдан бастап студенттер қабылдау санын қысқартатын болсын.

3. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті штаттың, оқу, ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттің, материалдық және техникалық базаның, өздерінің заң факультеттеріне тиесілі жатақханалардағы орынның бір бөлігін, ал Алматы мемлекеттік университеті оларды түгелімен Әділет министрлігіне өткізсін.

4. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті бір ай мерзім ішінде Қазақ мемлекеттік заң институтының материалдық-техникалық базасын жасау мен нығайту, оның қызметінің басқа да мәселелері жөнінде шаралар қолдансын.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Алматы қаласының әкімі Қазақ мемлекеттік заң институтына оқу корпусы мен жатақханаға арнап үй бөлетін болсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Алматы қаласы, 1994 жылғы 14 наурыз

N 1591

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК